



САЯСАТ

2 Байқоңыр қаласындағы басты назарда



ПРЕСС-ТУР

3 Теңізді өлкедегі тірлік



АБАЙ – 175

4 Абай шығармалары ғасырлар биігінде



ТҰЛҒА

4 Кеудедегі жауһардың көз арбаған жарқылы



● ПРЕЗИДЕНТ

А.МАМИННИҢ ЕСЕБІН ТЫҢДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет басшысы Асқар Маминнің есебін тыңдады. Қазақстан Президентіне биылғы 5 айдағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, коронавирус індетінің таралуына қарсы күрес жұмыстары және санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды жақсарту жөнінде есеп берілді.

Мемлекет басшысына дағдарысқа қарсы шаралардың жүзеге асырылуы, 2020 жылдың соңына дейін экономикалық өсімді қалпына келтіру жөніндегі кешенді жоспардың орындалуы және 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарының әзірленуі туралы баяндалды.

Асқар Мамин Қасым-Жомарт Тоқаевқа коронавирус пандемиясының салдарынан әлемдегі іскерлік белсенділіктің бірден төмендеуіне байланысты биылғы қаңтар мен мамыр аралығында ұлттық экономиканың өсу қарқыны, былтырғы осы кезеңмен салыстырғанда, 1,7% төмендегенін айтты. Үкімет басшысының мәліметі бойынша, экономиканың бірқатар салаларында, атап айтқанда, тау-кен өндірісі, өңдеу, ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету салаларында, сондай-ақ, негізгі капиталға инвестиция тарту бағытында өсімнің оң қарқыны байқалады.

Асқар Мамин барлық сала бойынша көктемгі егіс жұмыстарының толық аяқталғаны туралы да мәлімет берді. Бұдан бөлек, Премьер-Министр Президентке халықты жұмыспен қамтамасыз етудің кешенді шаралары биыл еліміздің 1,22 миллион азаматын қамтитынын жеткізді.

● ПАРЛАМЕНТ

БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Үкіметтің және Есеп комитетінің 2019 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептерін қарады. Мәжіліс Төрағасы Нұрлан Нығматулин атап өткендей, бөлінген және жұмсалған бюджет қаржысы халқымыздың әл-ауқатын арттыруға бағытталып, нақты әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуі керек.

Өткен жылы жалпы ішкі өнім өсімі 4,5% құрап, сыртқы сауда айналымы 97 млрд долларға жетті. 2,7 млн қазақстандықтың еңбексіздігі өсті. «Нұрлы жол», «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру және аймақтарды дамытуда 13 млн шаршы метрден астам тұрғын үй салуға мүмкіндік берді.

Мәжіліс депутаттарының айтуынша, былтыр бұл мақсаттарға 663 миллион тенге бөлінген. Алай да, бұл қаражаттардың игерілмеуі 100 пайызды құрады. Үкімет есебінде мұнын себебі қаржыландырудың басқа көздерін пайдалану мүмкіндігіне байланысты осы қаражатқа сұраныстың болмауымен түсіндіріледі. Сондай-ақ, талқылау барысында әлемдік дағдарыс жағдайындағы әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешудің жаңа тәсілдеріне деген қажеттілік туралы айтылды.

● ҮКІМЕТ

АКТИВТЕРДІ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Экономиканы жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияның отырысында «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ активтерін жекешелендіру мәселелері қаралды.

Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспарына «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның 167 активі енгізілген, олардың ішінде қазіргі уақытта 138 актив бойынша тармақтар орындалды. 21 компанияда өткізу және тарту/қайта ұйымдастыру жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Халықаралық капитал нарықтарындағы жоғары құбылмалылыққа, энергия тасығыштарға бағалардың төмендеуіне және әлемдік экономиканың өсу қарқынының бәсеңдеуіне байланысты «ҚазМұнайГаз», «Air Astana», «Тау-Кен Самұрық», «Qazaq Air», «Самұрық-Энерго», «Қазақстан темір жолы» және т. б. бірқатар стратегиялық активтерді бәсекелі ортаға беру мерзімін 2021-2023 жылдарға ауыстыру туралы шешім қабылданды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 46-сессиясы 2020 жылғы 16 маусымда сағат 16:00-де Облыстық мекемелер үйінің (Бейбарыс Сұлтан к., 1) ахуалдық орталығында бейне-конференция байланысы арқылы өткізіледі.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады: 1. «Қызылорда облысы әкімдігінің дербес құрамын келісу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 51 шешіміне өзгеріс енгізу туралы. 2. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихат.

ҰБТ 22 маусымда басталады

Әйгерім Еркін – биылғы түлектердің бірі. Ол Қызылорда қаласында орналасқан №4 дарынды балалар мектеп-интернатын бітірді. 11 жыл бойы жиған білім көрсеткішін дәлелдейтін уақыт таяп келеді. Басқа талапкерлер сияқты Әйгерімнің де көңілінде қобалжу бар. Әйтсе де, үміт алмайтынна сенімді.

№ Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы».



– Төртінші пан ретінде география мен математиканы таңдап отырмын. Бұйырса, қаржы немесе маркетинг саласында еңбек еткім келеді. Сол үшін көп оқып, көп білу керекін түсінем. 8-сыныптан бастап мұғалімдеріміз таңдаулы пәндерге бейімдеді. Ай сайын сынама тест тапсырыптық. Нәтиже жаман болған жоқ. Алдағы сынақта осы деңгейден түспесек екен, – дейді кейіпкеріміз.

Әйгерім Ұлттық бірінгай тестілеуді 27 маусым күні қаладағы №2 «Мұрагер» мектебінің базасында тапсырады. Облыста жауапты науқанға осындай 9 пункт дайын. Оларда 6020 мектеп бітірушінің 5172-сі сынақтан өтуге ниетті.

– ҰБТ 22 маусым күні Шиепі ауданында басталып, 1 шілде күні Қызылорда қаласында қорытындыланады. Ол үшін Сырдария

ауданы мен Байқоңыр қаласынан басқа жердің бәрінде тестілеу пункттері жабдықталды. Сырдариялық талапкерлер облыс орталығына, байқоңырлық бітірушілер Ақай елді мекеніне барады. Түлектерді тасымал көлігі, жатын орын және ас-ауқатпен қамтамасыз етуге жергілікті бюджеттен 15,9 млн тенге бөлінді, – дейді облыстық білім басқармасының бөлім басшысы Берік Жәнібеков.

Карантин болған соң биылғы ҰБТ жылдағыдан өзгереді. Ерекшелігі – санитарлық-эпидемиологиялық талаптар қатаң сақталуы тиіс. Түлектер әуелі зарарсыздандыру туннелінен өтіп, қолын, аяқ кимдерін тазартады. Мамандар кіреберісте дене қызуын бақылаған соң тест тапсыруға медициналық бетпердемен кіреді. Әлеуметтік арақатыстық сақталып, бұл, ең алдымен, түлектердің қауіпсіздігі үшін қажет.

Адамдар көп шоғырланбау үшін ата-аналар ҰБТ өтетін ғимаратқа кірмейді. Оның орнына тестілеу процесін үйде отырып-ақ онлайн трансляция арқылы бақылай алады. Ал «Digital Agent» қосымшасы кез келген адам үшін қолжетімді. ҰБТ өткізу ережесі бұзылған жағдайда мобильді қосымшаның көмегімен фото-бейнежазбаны тікелей жібере алады. 1414 немесе 1424 телефон нөмірлеріне хабарласса да болады. Одан әрі тиісті шара қолданылады.

Облыстағы тестілеу пункттерінің 2-уі – Қармақшыда. Оларда 563 мектеп бітірушінің 511-і сынақ тапсырмақ.

– Бірі Жосалыдағы №250, екіншісі Ақайдағы №99 мектептің базасында орналасқан. Ақайдағы жергілікті және Байқоңырдан, Төретамнан түлектер барады. Пункттер барлық қажеттілікпен қамтамасыз етілді. Тамақ, жатын орын, тасымал мәселесі түгел дерлік шешілді. Бір сөзбен айтқанда, балаларды қабылдауға дайын, – дейді аудандық білім бөлімінің бас маманы Назен Баһадүрова.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

МЕРЕЙТОЙ ИЕСІН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Социалистік Еңбек Ері Оразбай Әбішевті 90 жасқа толу мерейтойына орай құттықтап, Сыр жұртылығының жылы лебізін жеткізді.

№ Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы».

– Сырелі өзіңсекілді парасатты да ұлағатты азаматтарға бай. Аймағымыздың теміржол саласының дамуына зор үлес қостыңыз. Осы саланың ғылыми-техникалық жұмысына белсене қатыстыңыз. 35 жыл теміржол саласында еңбек етіп, көптеген тәжірибелі шәкірттер тәрбиелеп шығарғаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Карантиндік шектеулер үлкен шаралар өткізуге мүмкіндік бермеуде. Мерейтойыңыз құтты болсын. Еңбек жолыңыз жастар үшін арқашан өнеге, – деді облыс әкімі.

Жыында өңір басшысы мерейтой иесіне облыстық Құрмет грамотасын табыстап, нығыз шапан жапты.

Теміржол саласының ардагері Қазбек Рахметов Оразбай Әбішевтің зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қоғамдық жұмыстарға белсене араласқанын, кейінгі буында өнегелі жол көрсетіп, ізбасарларына бар білгенін жалықпай үйретіп келе жатқанын жеткізді. Сондай-ақ, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев адалдық пен

адамгершілікті бірінші орынға қоятын, қарапайымдылықты өмірлік қағидасына айналдырған парасатты жанның өмір жолын үлгі етті.

Оразбай Әбішев 1930 жылы 10 маусымда Сырдария ауданының Бірқазан ауылдық округінде дүниеге келген. 1949-1951 жылдары Қызылорда теміржол училищесінде оқып, еңбек жолын 1951 жылы паровоз жөндеу депосында слесер қызметінен бастаған. Сіңірген еңбегі үшін О.Әбішевке 1981 жылы Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ғұмырының 52 жылын теміржол саласына арнаған маман екі мәрте «Ленин» ордені, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» мерекелік медалі және «Құрметті теміржолшы» төсбелгісімен марапатталған.

Қызылорда қаласының Құрметті азаматы Оразбай Әбішұлы – Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген жастар тәлімгері. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның Консултивтік кеңесінің мүшесі. Оның есімі Қазак ССР-нің «Алтын кітабына» енген.

● ӨНІР ӨНДІРІСІ

ЭНЕРГОКЕШЕН ҚАЛЫПТЫ ЖҰМЫС ІСТЕП ТҮР



Жаңақорған ауданында орналасқан «СКЗ-У» ЖШС-ның қызметі «Қазатомөнеркәсіп ҰАҚ» АҚ-ға қарасты уран өндіруші кәсіпорындардың күкірт қышқылыға деген қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған. Бұл кәсіпорын – 2010-2014 жылғы Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында салынған, озық үлгідегі өндіріс.

Оған балама болатын немесе ұқсас өндіріс елімізде жоқ. Зауыт аз қалдықпен өндіру технологиясына негізделген. Шикізатты мақсатты өнімге ауыстырудың 99,9% деңгейде жүзеге асырады. Мұнда 200-ден астам адам жұмыспен қамтылған.

«СКЗ-У» ЖШС құрылымына күкірт қышқыл цехы, энергостанциясы, қосалқы бөлімшелер, коттеджді қалашығы, күн электр станциясы кіреді. Ауқымды зауыт күкірт қышқылы өндіргенде шығатын бұдан күн электр өндіреді. Энергостанцияның қуаттылығы 12 МВт-ны құрайды. 2013 жылы зауытты іске қосқаннан кейін электр қуатына деген сұраныс артуына орай, кәсіпорын аумағында сағатына 420 кВт электр энергиясын өндіретін

күн электр станциясы салынған. Күн сәулесінен алынған энергия вахталық қалашық пен кәсіпорынның әкімшілік-тұрмыстық кешеннің электр қуатына деген қажеттілігін толық өтеп отыр.

Энергетика министрілігі Атомдық және энергетикалық қажеттілікке қанағаттандыру мақсатындағы «СКЗ-У» ЖШС күкірт қышқылы зауытының энергокешені 2019-2020 жылдың күзгі-қысық кезеңін аяпартсыз режимде өткізуде. 7 маусымдағы ақпаратқа сәйкес, электр энергиясының орташа тәуліктік өндірісі 12,3 МВт-ны құрайды. Оның ішінде зауыттың жеке тұтынуы 4,5 МВт болса,

желіге 4,8 МВт (ВЛ-35 кВ, Л3–3,9МВт, Л4–3,9,Л5–7-0) электр энергиясы беріледі.

Желіге жеткізілетін электр энергиясы, басқа энергия көздерінің электр энергиясымен салыстырғанда арзанырақ. Соған байланысты «Қызылорда электр тарту тораптары компаниясы» АҚ электр энергиясының технологиялық үдерістеріне жұмсалатын шығындарды жабу үшін сатып алады.

Бұл энергия көзі күкірт пайдалану қоры көлемінің нормативтік талаптарына сәйкес келеді. Сондай-ақ серіктестіктің бір ай бойы үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

«СБ» ақпарат.

COVID-19 304 адам аурудан айықты

Сәрсенбі күні аймақта коронавирус инфекциясымен тіркелген симптомды науқастар саны 471-ге жетсе, симптомсыз 67 азамат анықталды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдусаметов мәлімдеді.

– Соңғы тәулікте 19 дерек тіркелді. Оның ішіндегі екеуі емхананың скринингінен, біреуі қарым-қатынас арқылы, ал симптомсыз 14 жағдайдың екеуі ақылы

тест сынағандықтан, 10-ы қарым-қатынастан және екеуі емхананың скринингінен анықталды, – деді ол.

Сондай-ақ, осы кезге дейін вирус жұқтырғандармен байланыста болған 5445 азамат анықталды. Оның 3271-і тікелей қарым-қатынаста, 2174-і жаңама байланыста болған.

Ал сауығып шыққандар саны – 304.

«СБ» ақпарат.



БАСПАСӨЗ - 2020

Құрметті оқырман! Екінші жартыжылдыққа жазылу басталды 6 айға жекелеу үшін /3500 тг. Мекемелер үшін /4500 тг

БАЙҚОҢЫР ҚАЛАСЫН ДАМУЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылдың 8 сәуіріндегі қаулысымен ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі қызметін қоса атқаратын болып тағайындалды. Тағайындалған сәттен бастап Байқоңыр қаласында тұрғындарды жеке мәселелер бойынша қабылдады. Кездесуде тұрғындар тарапынан негізінен жетудің жетілдірілуін, коммуналдық қызметтің жоғары тарифі және әлеуметтік мәселелер көтерілді. Бұл орайда қаланың өзекті деген мәселелеріне тоқталып өткім келеді.

Бірінші. Коммуналдық қызметтер тарифі.

Газбен жабдықтау. 2019 жылдың сәуірінде ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Мәскеу қаласына жұмыс сапары кезінде ҚР және РФ Энергетика министрлері «Байқоңыр» кешенін газбен жабдықтау туралы келісімге қол қойған болатын. Осы келісім аясында қалада көпқабатты тұрғын үйлер мен орта және шағын бизнес нысандары газдандырылды. Бүгінгі таңда барлық тұрғын үйі табиғи газға қосылды (23 үй 2042 пәтер). Қызылорда облысы бойынша табиғи газдың бірінші тарифі төлемі текше метрге 20,7 теңге.

Сумен жабдықтау және су тарту. 2016 жылы су құбырларының (85 процент) және сарқындар су жүйелерінің (97 процент) тиісінше 81,4 және 106,2 шақырым) тозығы жетудің байланысты олардың бір бөлігі жалға беруден шығарылып, жарактандыру жұмыстарын жүргізу үшін Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне 7 жыл мерзімге берілді.

Жұмыстарды республикалық бюджет есебінен 2020 жылдан бастап кезеңімен 2023 жылға дейін техникалық-экономикалық негіздемесін жасай отырып жүзеге асыру көзделген болатын. Үстеміздей жылы «Байқоңыр қаласының сумен жабдықтау және су тарту «Бір кезек. Бір кезек» жобасын жүзеге асыру басталуы керек еді. Бірінші кезеңнің құны 896700 мың теңгені құрап, 11,4 шақырым сарқындар сулар жүйесін жаңғырту көзделді. Өкінішке орай, аймақтар дамуының 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік даму жоспарында Байқоңыр қаласын дамыту бойынша жобаларды жүзеге асыру көзделген болатын. Біз бұл туралы ҚР Орталық Атқару органдарының сумен жабдықтау және су тарту жүйелерін жарактандырудың Ресей Федерациясы бюджеті есебінен жоспарланған Абай, Гагарин даңғылдары, Королева, Шуминова көшелері автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстарымен байланысты екенін хабардар еткен болатынбыз.

Жылу энергиясы. Жылу энергиясын қалалық жылу-электр жүйесі өндіреді, ол қымбат мазут отынмен өндіріледі. Қала тұрғындары жылу үшін 12 ай ақы төлейді. Қала әкімшілігі бұрын жылу-электр жүйесін жарактандыру мақсатында Қазақстан жағына шектеулі уақытқа қаржыландыратын шартпен беру туралы ұсыныс жасаған болатын. Біз жоба қымбат болғандықтан бас тарттық. Қазіргі таңда Ресей тарапы жылу-электр жүйесін Ресей бюджеті есебінен 2020 жылға дейін газға көшіру мәселесін қарастырады.

Сонымен бірге біздің тарапымыздан газбен жұмыс істейтін автономды-модульді қазандықтардың құрылысын әрбір шағын аудан бойынша жүргізу қажеттігі айтылған болатын.

Электр энергиясы. Электр энергиясы тарифтерін төмендету үшін біз Ресей тарапына Байқоңырдың энергетикалық жүйелерін Қызылорда облысының коммуналдық меншігіне беру туралы ұсыныс жасадық. Тұтастай алғанда, біз Байқоңыр қаласының инфрақұрылымдарын жалдық меншіктен алуға мүдделі еміспіз, әңгіме Байқоңыр қаласының тұрғындарына тарифті төмендету жөнінде ғана болып отыр.

Коммуналдық қызмет тарифтері бойынша салыстырмалы кесте

Ком.қызмет	Өлшем бірлігі	НДС қоса есептенгендегі тарифі				
		Байқоңыр қ.		Қызылорда қ.		
		рубль	тенге	тенге	тенге	%
Жылу	1 Гкал	1690	9734	2800	6934	71
Ыстық су	1 м ³	100	576	145	431	75
Суық су	1 м ³	23	137	45	92	67
Электр	1 кВт/сағ	4	26	17	9	34

Екінші. Жекешелендіру. 1995 жылдың 23 желтоқсанында ҚР және РФ арасындағы «Байқоңыр қаласының мүртебесі және оның атқарушы билік органдарын қалыптастыру мен мүртебесі туралы» келісімге сәйкес Байқоңыр қаласындағы нысандар мен мүліктер жекешелендіруге жаттай-



ды. Мәселенің өзектілігін ескере отырып, Қызылорда облысының әкімшілігі Байқоңыр қаласының әкімшілігімен бірлесіп отырып, Байқоңыр қаласындағы Қазақстан азаматтарының пәтерлерін жекешелендіру тетіктерін қалыптастыра бастады.

2020 жылдың 21 қаңтарында ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнайы өкілі Б.Б.Намаев пен Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы К.Д.Бусыгин Байқоңыр қаласын дамытудың ұзақмерзімді бағдарламасына қол қойды. Осы бағдарламаның мақсатына сәйкес жекешелендіру, жалға алып жекешелендіру мәселелерін шешілетін болады. Екі тараптан жекешелендіру мен оның құқықтық аспектілерін толық айқындаған соң бұл мәселені «Байқоңыр» кешені бойынша қазақстан-ресейлік үкіметаралық комиссияның кезекті мәжілісіне енгізетін болады.

Бұған қосымша біз Байқоңыр қаласы тұрғындарын – Қазақстан азаматтарын «Бақытты отбасы» тұрғын үй бағдарламасына тартуды көздеп отырмыз. Бұл бағдарламаға қатысушыларға қойылатын талаптың бірі – ҚР Заңы бойынша тиісті категорияларға сәйкес тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды жергілікті атқарушы органдардың есепке алуы болып табылады. Осылайша бағдарламаға қатысушының мүртебесі тиісті құжатпен айқындалатын болады. Бірақ қалада қазақстандық тиісті тіркеу орталығы болмағандықтан, азаматтардың мұндай мүмкіндігі жоқ. Бұл мәселенің көптеген заңдылық түйткілдері бар, сондықтан ол барынша ерғей-тегерейлі шешулі талап етеді. Осыған орай Қызылорда облысының әкімшілігі Қазақстан Орталық атқарушы органдарымен бірлесіп, Байқоңыр қаласы тұрғындарының мүртебесін айқындайтын тұрғын үй қатынасына байланысты нормативтік-құқықтық актілерге өзгеріс енгізу мәселелерін қарастырады.

Үшінші. Еңбекпен қамту. Тұтастай алғанда, халықты жұмыспен қамту мемлекеттік деңгейде бақылауда тұр. Халықтың еңбекпен қамту деңгейін ұлғайтып, жұмысты азыту үшін мемлекеттік «Еңбекпен қамту жол картасы-2020» бағдарламасы қабылданған. Бағдарлама аясында әлеуметтік-мәдени нысандарды күрделі және ағылдағы жөндеуден өткізу қолға алынды. Олардың тұрғын үй-коммуналдық және жол инфрақұрылымына қатысты бар. Аталған жұмысқа негізінен жұмыссыз болып тіркелген жергілікті тұрғындар тартылды.

Бұған қосымша Байқоңыр қаласы және оған таяу жатқан Төретам мен Ақай елді мекендері бойынша өнімді еңбекпен қамту «Еңбек» бағдарламасы жүзеге асырылды. Бағдарламаны жүзеге асыруда қажетті мамандықтар бойынша оқытуларды жаңа бизнес идеяларға мемлекеттік гранттар бөлінеді,

жастарға арнайы жұмыс орындары ашылады. Сонымен бірге кейбір кәсіпорындарда жұмыс орындары қысқаруының алдын алу жөнінде шаралар жүргізілуде. Жұмыс сағатының қысқартылуы есебінен жұмыс орындары сақталуда.

Қала экономикасы бірінші қатарлы шаралары бейімделген. Бірақ

қазір ұшырылымдар саны қысқарып, ғарыштық бағдарламалар өнтейліндірілуі. Бұл ғарыштық кәсіпорын салаларындағы адамдардың қысқаруына әкеп соқтырды. Аталған мәселені шешу үшін Байқоңыр қаласында Қармақшы ауданы әкімдігінің еңбекпен қамту орталығы қызмет істейді. Қазіргі таңда орталыққа жұмыс іздеп 1551 адам өтініш білдірген. Ресми жұмыссыз болып 967 адам тіркелсе, олардың 275-і жұмысқа орналастырылды.

Қазақстан кәсіпорындарына жұмысқа тұрғызылған Байқоңыр қаласының тұрғындары айлқтық аздығына, қаладағы коммуналдық қызмет төлеуі қымбаттығына шағымданады. Бағаны рубльден теңгеге ауыстырғанда қымбатшылық, әсіресе, әлеуметтік қолдауға қатысты азаматтардың тұрмысында барынша қатты сезіледі. Бұл орайда аз қамтамасыз етілген отбасылары олардың жиынтық табысын ескере отырып, облыс деңгейіндегі өлшемде көмек тағайындау барынша өзекті мәселенің қатарына жататынын атап өткізім келеді. Аталған мәселені ескере отырып, Қызылорда облысының әкімі облыстық жұмыспен қамуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына Байқоңыр қаласы тұрғындарының тұрғын үй жәрдемдесушыларының 2020 жылдың екінші жартыжылдығынан бастап ұлғайтуды тапсырды.

Халықты әлеуметтік қамту барынша өзекті мәселенің қатарына жатады. Өкінішке орай, Қазақстан Республикасының заңдылығында Байқоңыр қаласында облыстық басқарманың қалалық бөлімін ұстау көзделмеген. Осыған байланысты аталған бағыттағы жұмысты Қармақшы ауданы әкімдігінің әлеуметтік қамсыздандыру және еңбекке орналастыру секторы атқарады. Біз бұл сектордың жұмысын жандандыратын боламыз. Жеке ғимаратта мүмкіндігі шектеулі азаматтардың жұмыс істеуіне ыңғайлы қондырғылар орналастырылатын болады. Сондай-ақ осы ғимаратта мүгедектер қонағы секілді қоғамдық ұйымдарды орналастыру көзделуде.

Қаланың инфрақұрылымын ұстап тұру мәселелері тоніріндегі нысаны айтқым келеді. Ресей Федерациясы «Байқоңыр» кешенін жалға алу шарты бойынша жалға алынған нысандарға күрделі жөндеу жүргізілді, жарактандыруды өз есебінен жүргізуге тиіс. Бұл орайда қала әкімшілігі тиісті деңгейде жұмыстар жүргізіп жатқанын атап өткім келеді.

Қазақстан Республикасының Байқоңыр қаласы әлеуметтік-мәдени әлеуетінің сақталуына мүдделі болғандықтан, сонымен бірге халықтың тұрмыс жайлылығын жақсарту мақсатында «Байқоңыр» кешені бойынша қазақстан-ресейлік үкіметаралық комиссияның бесінші мәжілісінде Қазақстан жағынан қаланың даму бағдарламасына бөлінетін қаржы тәртібі мен шарты айқындалған болатын. 2019 жылы Қазақстан тарапынан «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 50 пәтерлік бес үй салынды. Қазіргі таңда барлық пәтерлер қаланың қазақстандық тұрғындарына бөлініп берілді. Аталған жобаны жүзеге асыру нәтижесінде тұрғын үйге деген сұраныс азыайып, ол қаланың әлеуметтік жағдайына оңды ықпалын жасайды. Қазіргі таңда Байқоңыр қаласында тұрғын үйге Қазақстан Республикасының 1200-ден астам азаматы кезекте тұр. Осыған орай үкілетті органға «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша тағы да бес көпқабатты тұрғын үй құрылысын жүргізуге тапсырыс жасалды.

Байқоңыр қаласы аумағына жіберуді өнтейландыру.

Тиісті келісімге сәйкес Байқоңыр кәсіпорындар мен ұйымдардың және азаматтардың жұмыс істеуі туралы қатысты айрықша қауіпсіз режимдегі қала болып табылады. 2019 жылы қала әкімшілігімен келісімге сәйкес Байқоңыр қаласына оның тұрғындары мен басқа аймақтардан келетін контактарға қатысты, оның ішінде қайғылы жағдайға байланысты шараларға, демалыс, мейрам, жұмыс күндері келетіндерге рұқсат беру өнтейландырылды.

«Байқоңыр» АЭА құру туралы

Қазақстан мен Ресейдің өңіраралық ынтымақтастығы XV форумның қорытындысы бойынша (2018 ж. Петропавловск) ҚР Үкіметіне Ресей жағымен бірлесіп, «Байқоңыр» АЭА құру мәселелерін талқылау тапсырылды.

«Байқоңыр» АЭА құрудағы басты мақсат халықаралық ғарыш портын құру, жоғары технологиялық бәсекелі өнімдер инновациялық өнеркәсіп өндірісін құру, оның ішінде машина құрылысын, ғарыш саласын, электротехника, химия және жеңіл өнеркәсіпті, артықшылықтары мен салық жеңілдіктері ескерілетін туризмді дамыту болып табылады.

Бүгінгі күнге АЭА құру туралы концепция және ҚР мен РФ Үкіметтері арасында «Байқоңыр» АЭА құру туралы келісім жобалары дайындалған. Концепция мен Келісім жобалары Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарына (мүдделі министрліктерге) келісім жасауға жіберілді. Концепция мен Келісім жобалары мемлекеттік органдарда келісілгеннен кейін Ресей жағына жіберілетін болады.

Төретам кенті мен Ақай ауылдық округіне қатысты

Алдағы болатын Үкіметаралық комиссия отырысының күн тәртібіне «Жалға берілген кейбір жер учаскелерін босату» туралы мәселе енгізілді. Оған Төретам кентінің нақты орналасқан аумағы 322,6 га, Ақай ауылының нақты аумағы 371,4 га және Төретам кентімен Ақай ауылының айналма жолдарын жалға беру аймағынан шығару мәселелері кіреді.

2018 жылы ҚР және РФ мемлекеттік органдарының бекіткен жоспар-кестесіне сай жалға беруден босатылатын жер учаскелері бойынша ресейлік және қазақстандық мүдделі мемлекеттік органдар қатысуымен далалық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Оның нәтижесі бойынша жалға беруден босатылатын жер аумақтарының жалпы ауданы 2898,2 гектарды құрады.

Осы жылдың 19 мамырында Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы К.Д.Бусыгинмен жұмыс бабында кездесіп, онда жер учаскелері бойынша жоғарыда айтылған проблемалар сөз болды. Кездесу нәтижесімен учаскелерді жалға беруден босату бойынша бір ұйғарымға келді.

Бүгінгі күнге Төретам кенті мен Ақай ауылы Байқоңыр қаласының құрамына кіргізу мәселесі қаралмайды. Аталған елді мекендердің тым жақын орналасуы қиын жағдай болып есептелмейді, керісінше дамуға мүмкіндік беретін қосымша артықшылықтар болып саналады.

Төретам мен Ақай елді мекендерінің көптеген тұрғындары Байқоңыр қаласы аумағында кәсіпкерлікпен айналысады. Келісімге сәйкес осындай тұрғындарға қалаға кіруге жеңілдіктер жасалған. Төретам мен Ақай тұрғындары мен олардың көліктеріне 2 жылға рұқсат қағаз беру елді мекендерге тіркелгендігі негіз болады.

Ал енді Төретам мен Ақай елді мекендерін электр энергиясымен қамтамасыз ету мәселесіне келейік. Төретам мен Ақай елді мекендеріндегі подстанциялар мен электрмен жабдықтау желілері өткен гасырдың 50-60 жылдары пайдалануға берілген. Қазіргі күндері тұрғындарды тұрақты және сапалы электр энергиясымен қамтамасыз ету үшін оларды қайта жаңғырту жұмыстары басталды. Қуаттылығы әртүрлі 30 шақты жаңа трансформаторлық қондырғылар орнату көзделген. Бұл мақсатқа «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында республикалық бюджеттен 2,1 млрд теңге бөлінген (подстанцияларды жаңартуға – 1,2 млрд теңге, электр желілерін реконструкциялауға – 915 млн теңге). Бұл жұмыстарды жылдың соңына дейін бітіру жоспарланған.

Мұнан бөлек, «Жұмыспен қамту жол картасы» шеңберінде Төретам кентінде 4, Ақай ауылдық округінде 3 көшені жөндеуден өткізу жоспарланған.

Сол секілді біз Төретам мен Ақайды байланыстыратын Бармин көшесін жалға беруден босатқаннан кейін жөндеуден өткізуді жоспарлап отырмыз.

Тұрғындардың интернетке қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселесі де пысықталуда. Қызылорда облысының әкімі тарапынан «Қазақтелеком» АҚ-ға Төретам кенті және Ақай елді мекендерін толықтай интернетпен қамту жөнінде тапсырма берілді.

Жалпы алғанда, Байқоңыр қаласын дамыту мәселесі облыс әкімінің басты назарында. Бұған дейін аталып өткендей, 2020 жылдың 21 қаңтарындағы «Байқоңыр» кешеніндегі ҚР Президентінің арнайы өкілі мен Байқоңыр қаласы әкімшілігінің басшысы Байқоңыр қаласын дамытудың ұзақмерзімді бағдарламасына» қол қойған болатын.

Сонымен қатар, проблемалық мәселелердің шешімін табуы жеделдету мақсатында Қызылорда облысы әкімінің қолымен аталған «Байқоңыр қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың жол картасы» жобасы дайындалып, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары мен Байқоңыр кешені бойынша ҚР және РФ арасында мемлекетаралық комиссияның тең төрағасы Р.В.Склярға келісімін алуға және әрі қарай бекітуге жіберілді. Бұл жол картасы жоғарыда аталған мәселелермен қатар Байқоңыр қаласы әкімшілігі заңдылығы аумағында салық салу, валюталық бақылау, білім беру, денсаулық сақтау, экологиялық реттеудің шешімі мәселелерін де қамтиды.

Қазіргі кезде бүкіл әлем коронавирус эпидемиясымен күрес жүргізе отырып, қиын кезеңдерді өткеруде. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы мамандарының пікірінше, күзге таяу оның екінші толқыны басталуы мүмкін.

Соган байланысты, коронавирус инфекциясына қарсы күресудің нәтижесіне қолжеткізетін қарамастан, босануға әлі ерте, өйткені ҚР аумағында әлі де карантиндік режим сақталуда. Байқоңыр қаласы тұрғындарын, өз денсаулықтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жайбаракаттыққа салынбай, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтауды, яғни бетперде тағуы, қолдың гигиенасын сақтау, арақашықтықты ұстануы, аса қажеттілік болмаса, көшілшік жиналған орындарға бармауын жеткізіміз келеді.

Серік СҮЛЕЙМЕНОВ,
облыс әкімінің орынбасары.

ТАҒАЙЫНДАУ

ОБЛЫСТЫҚ ҚАРЖЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

Облыс әкімінің өкімімен Шаврова Елена Николаевна облыстық қаржы басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.



Елена Шаврова 1971 жылы туған. Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «экономист» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1993 жылы облыстық қаржы басқармасының экономисті ретінде бастаған.

1994-2013 жылдары облыстық қаржы басқармасының жетекші және бас экономисі, сектор менгерушісі, бөлім бастығының орынбасары, бөлім басшысы жауапты қызметтерін атқарған.

2013 жылдан осы кезге дейін аталған басқарма басшысының орынбасары лауазымында қызмет атқарып келеді.

БРИФИНГ

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жыл басынан бері облыс бойынша 201 өрт оқиғасы болды. Салдарынан 4 адам тілсіз жаудың құрбаны айналып. Материялық шығын 10 705 208 теңгені құраған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Руслан Қайрағасов мәлімдеді.

Өрт негізінен қауіпсіздік ережелерін ескермеу, тұрмыстық пешті дұрыс қолданбау, баланың отпен ойнауы, әдейі өрт қою, тұрмыстық газды ашық қалдыру және электр құралдарын дұрыс пайдаланбаудан шыққан. Ал, орман қоры аумағындағы өрттер тұрғындардың, жеке шаруашылық иелерінің жерін абаттандыра, қураған шөпті өртеу кезіндегі ұшқыннан туған.

Нақты айтсақ, объектілерде 14, тұрғын үй секторында 116, автокөліктерде 34, дала мен орманда 35, өзге де 2 өрт оқиғасы тіркелген. Сонымен қатар 5 ай ішінде көмірқышқыл газынан 10 адам ұланған, қаза болғандар жоқ. Өрт қауіпсіздігі саласы бойынша 239 нысан тексерілді. Нәтижесінде өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзу фактілері анықталды. 250 жеке және заңды тұлғаға қатысты әкімшілік іс қозғалды. Жоспардан тыс бақылау бағытында тексеру жұмыстары жүргізіліп, нұсқама талаптарын орындамаған кемеке басшыларына 7 хаттама толтырылып, сотқа жолданды.

Департамент қызметкерлері өрт қауіпсіздігін сақтау мақсатында тұрғындар арасында түсіндірме шараларын жалғастырады.

БІРЫҢҒАЙ СЕРВИС ОРТАЛЫҒЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Фердоус Қожабергенов кәсіпкерлікте дамыту бойынша мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы туралы айтып берді.

Жыл басынан бері өңірде тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 52 427-ге жетті, оның 46 297-сі жұмыс жасап тұр. Жұмыспен қамтылғандар саны 2,3%, өндірілген өнім көлемі 10%-ке өскен. Биыл «Еңбек» бағдарламасы аясында шағын несиесі беру үшін 3353,4 млн теңге бөлінген. Қазір ауылдық елді мекендерге бөлінген қаржы есебінен 127 жоба несиелендірілді. Қалаға бөлінген қаржы бойынша несиелендіру жұмыстары шілде айында басталмақ.

«Бизнесің жол картасы – 2025» бағдарламасын іске асыруға бөлінген 1,7 млрд теңге 3,4 млрд теңгеге дейін көбейді. Субсидия және кепілдік беру құралына тиісті қаражат қарастырылды. Жыл басынан бері субсидия алу арқылы 38 жоба қаржыландырылып, 22 жоба қолдау тапты. Бағдарлама аясында қайтарымызсыз грант беру үшін де қаржы бөлінді. Сонымен қатар былтырдан бері өңдеуші өнеркәсіп саласын дамытуға бағытталған «Қарапайым заттардың экономикасы» үкіметтік бағдарламасы іске асырылуда.

Кәсіпкерлерге қолдау және сапалы қызмет көрсету мақсатында «Бір терезе» қатнасы негізінде 11 шілдене бастап «Бизнеске арналған Үкімет» бірыңғай сервис орталығы іске қосылмақ.



СИМПТОМДЫ ЖӘНЕ СИМПТОМСЫЗ: ТІРКЕУ ТӘРТІБІ НЕГЕ ӨЗГЕРДІ?

Маусым айынан бастап елімізде коронавирус инфекциясын тіркеудің жаңа тәртібі енгізілді. Бұған дейін күн сайын індет жұқтырғандар бойынша статистика жүргізіліп келген болатын. Енді жаңа тәртіпке сәйкес науқастардың жағдайы симптомды және симптомсыз деп тіркелуде.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы».

Мамандардың айтуынша, бұлайша, яғни, ауру белгілері бар және клиникалық белгісі жоқ деп тіркеу халықаралық тәжірибеде, түрлі елдерде қолданылып келеді. Ауру белгілері бар және клиникалық белгілері жоқ деп бөлудің себебі мынада екен. Алдымен ауру белгілері бар науқастарға уақытты ұтымды пайдаланып, дер кезінде медициналық көмек көрсету үшін жасалып отыр. Ал клиникалық белгілері жоқ адамдарды аумақтық емханалар үй карантиніндегі жағдайда қашықтан бақылайды. Бұл жөнінде еліміздің бас санитарлық дәрігері Айжан Есмағанбетова арнайы брифингте айтып өтті.

«Симптомсыз және симптомды бар науқастарға эпидемиологиялық тұрғыдан тактиканың өзгеруі клиникалық белгілері айқын адамдарға көп көңіл бөлу керектігін көрсетеді. Себебі, халықаралық және қазақстандық тәжірибе көрсеткендей, коронавирустың симптомдары айқын байқалатын науқастар айналасындағыларға аса қауіпті» деген болатын бас санитар. Оның айтуынша, клиникалық белгілері бар науқас орташа есеппен 3 адамға ауру жұқтырады екен. Алайда, бас санитар симптомсыз науқастардың

дәрігерсіз қалмайтынын, дерек бойынша, үш симптомсыз науқас тек бір адамға ғана індет жұғуы мүмкін екенін жеткізді.

Ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының COVID-19 жөніндегі техникалық менеджері Мария Ван Керкхове коронавирустың клиникалық белгілері жоқ тасымалдаушылардан басқа адамға жұғуы өте сирек кездесетінін айтты. «Біздің деректерімізге сүйенсек, ауру белгілері жоқ тасымалдаушының инфекцияны басқа біреуге жұқтыруы екіталай. Ондай жағдай өте сирек кездеседі» деді ол. Сондай-ақ, ол індет белгілері жоқ тасымалдаушыларда аурудың барлық кезеңінде ешқандай симптомдар болмайтынын айтты.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, бүгінгі таңда елімізде тестілеу кезінде күн сайын анықталып жатқан деректердің 60 процентке жуығы бұл – инфекцияны симптомсыз тасымалдаушылар екен. 9 маусымдағы жағдай бойынша жалпы статистикаға қосылмаған 440 коронавирус індетінің белгілері жоқ тасымалдаушы тіркелген. Жалпы, елімізде қазіргі уақытта белгілері жоқ тасымалдаушы 2 136-ны құрап отыр.

ІНДЕТ БЕЛЕҢ АЛМАСЫН ДЕСЕК...

Бүгінде Қызылорда қаласында COVID-19 инфекциясының аурушаңдық өсімі 7%-ті құрап отыр. Ауру барлық жас аралығында адамдарда және кәсіби топтар арасында орын алуда. Індетке 14 жасқа дейінгі 14 бала шалдықты (6%).

Ауру ошақтарында өзін-өзі оқшаулауға жағдай болмаған қарым-қатынастағы 824 адам облыстық балаларға арналған туберкулезге қарсы санаториясында және Қорқыт ата университетінің №5 жатақханасында орналасқан карантиндік стационарларға оқшауланды. Қалған 2681 қарым-қатынастағы адам үй карантиніне алынып, оларға тұрғылықты жері бойынша қалалық емхана тарапынан медициналық бақылау жүргізілді. Анықталған ошақтарда, яғни, үй-жайларда, подъездерде, ауауларда дезинфекциялық шаралар жүргізілді.

COVID-19 инфекциясын жұқтыру қаупі жоғары қалада орналасқан медициналық ұйымдардың қызметкерлері (инфекциялық аурулар стационарлары, пульмонологиялық стационарлар (бөлімшелер), стационарлық изоляторлар (симптомсыз науқастар үшін), карантиндік объектілер (дені сау адамдар үшін), стационарлардың қабылдау бөлмелері, амбулаториялық-емханалық ұйымдардың сүзгілері, жедел жәрдем бригадалары, ПТР диагностиканы жүзеге асыратын зертханалық мамандар, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет қызметкерлері) айына бір рет (4200 медицина қызметкері) лабораториялық зерттеліп, 10 жағдайда оң нәтиже анықталды. Стационарға жоспарлы және шұғыл емдеуге жатқызу кезінде пациенттер, клиникалық хаттамаға сәйкес жүкті және жаңа туған нәрестелер, гемодиализдегі пациенттер, ҚАЗЖ мекемелеріне түсетін адамдар (тергеуге алынғандар, айыпталушылар, сотталғандар) лабораториялық зерттеу-

мен қамтылып, 7 жағдайда оң нәтиже анықталды.

Қазір қалада блок-бекеттердің алынуы, шектеу шараларының жеңілдеуі салдарынан аурушаңдықтың күрт өсуі байқалды. Тұрғындар сақтану шараларын объектілерде санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтамау фактілері орын алуда. Ережелерді сақтамағаны үшін 2 орта кәсіпкерлік субъектісіне хаттама толтырылып, әкімшілік істер сот орындарына жолданды. Бүгінгі күні ДСМ-нің «Кейбір объектілерге жоспардан тыс тексерулер жүргізу туралы» бұйрығына сәйкес шағын микрокәсіпкерліктерді тексеруге және әкімшілік шаралар қолдануға рұқсат етіліп, мониторинг топ қалағалау шараларын күшейтті. Қаладағы ірі сауда орындары (сауда үйлері, орталықтар, базарлар), халыққа қызмет көрсету, жұмыспен қамту орындары өкілдеріне түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, халықтың көп шоғырланатын жерлерінде антисептик құйылған дозаторлар орнатылуы, алдын алу шараларын күшейту қажеттілігі айтылуда. Осы орайда облыс, қала тұрғындарын сақтық шараларын қатаң сақтап, бекітілген талаптарды орындауға шақырамыз. Қауіпті індеттің белең алуына жол бермейік!

Анар НАЗЫМБЕКОВА, қалалық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасының бас маманы.

● БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ТЕҢІЗДІ ӨЛКЕДЕГІ ТІРЛІК



Арал ауданында жұмыссыздықпен күрес қарқынды жүргізілуде. Осы жылы «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасының шеңберінде теңізді өлкеде 604 жаңа жұмыс орынын ашу жоспарланып отыр. Аталған бағдарлама аясында 16 жоба іске аспақ.

Қуанарлығы, жобаны ұтқан мердігерлермен арадағы келісім-шартқа сәйкес, жұмысшылардың кемінде 50%, яғни 600-ден аса адамның 300-ден астамын жұмыспен қамту орталығы арқылы жіберу қарастырылған. Бұл туралы БАҚ өкілдері облыстық ішкі саясат басқармасының үйлестіруімен өткен баспасөз турында тереңірек танысқан едік.

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы».

33 КӨШЕ ЖӨНДЕЛЕДІ

Биыл Арал қаласында 33 көше жөнделетін болады. Барлығы 22 шақырымнан асатын көшелердің құрылысына республикалық бюджеттен 660 млн теңгеден астам қаржы бөлінген. Үлкен жобаға «Арал құрылысы» ЖШС мердігер болып анықталған. Қазіргі таңда мердігер мекеме аудандық халықты жұмыспен қамту орталығы арқылы аталған жол жөндеуге 43 адамды жұмысқа қабылдап үлгеріпті.

Бүгінгі күні 5 көшенің астыңғы кабаттары тегістеліп жатыр. Құрылыс материалдары дайын. Алдағы аптада асфальт жабындылары төсейі бастаймыз. Барлық жұмыстар кезең-кезеңімен әрі уақытында бітетін болады, –

дейді аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Амантай Тасқымбаев.

Бұдан өзге аудандық маңызы бар «Ескіұра елді мекеніне кіреберіс автожолының» құрылысына 99 млн 452 мың теңге қаржы бөлініп, жұмыстары басталатын болады.

Тағы қуанатын жаңалық, аудан орталығындағы Абай көшесін абаттандыру жұмыстарына республикалық бюджеттен 110 млн теңгеден астам қаржы бөлінді. Бас мердігер – «Наурыз құрылыс» ЖШС. Аталған мердігер аудандық жұмыспен қамту орталығы арқылы 14 адамды жұмысқа қабылдап, абаттандыру шараларын бастап кеткен.



Суреттерді түсірген А.САҒЫНДЫҚ.

Қызылордадағы көлшіктер қашан жойылады?

Қызылорда қаласының «Сәулет» шағын ауданындағы сасық көлшіктің беті құммен тегістелді. Иісі қолқаны қабатын аумақ тұрғындарының жанайқайы жергілікті билікке жетіп, ол аяқсыз қалған жоқ.

Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы».

Осында 14 жылдан бері тұрып келемін. Күн жылығанда есік-терезені ашу мүмкін емес-ті. Әсіресе, балалардың қауіпсіздігі қатты алаңдататын. Қала әкімдігінің бастамасымен көлшікке құм төгілді. Алдағы уақытта ойын немесе спорт алаңын салып берсе, қуанар едік, – дейді көпбалалы ана Жәмилә Әбдіжәлова.

Қалалық жер қатынастары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ғанибек Омаровтың айтуынша, құм төгу ісіне кәсіпкерлер тартылған. – Жұмыс 1,5 ай бойы жүрді. «КамАЗ» көліктері күнне 15-20 реттен қатынады. Бұл жерді меншік иелері ертеректе сатып алған. Пайдаланбаған соң 1,5-2 метр тереңдікте ыза су жиналған. Айналасындағы көршілер соның зардабын тартты, – дейді ол.

Биыл сәуірде «Сәулеттегі» 5 көлшік көмілді. Қала көлемінде осындай 24 көлшік бар. Меншік иелеріне жер телімін уақытылы игеру керектігі талай айтылған. Ескертуге құлақ аспағандардың ісі сотта шешіледі. Ал жер телімі мемлекет меншігіне өтіп жатса, одан арғы тағдыры қалай болмақ?

– Алдымен, үй кезегінде тұрған азаматтарға ұсынамыз. Болмаса, аукцион арқылы кәсіпкерлік нысанын салуға мүмкіндік беріледі, – дейді қала әкімінің орынбасары Ерлан Бердібаев.

Сасық көлшіктер негізінен «Сәулет», «Саяхат», «Кал Фараби», «КБИ» және «Арай» шағын аудандары-



Суретті түсірген Нұрболат НУРЖАУБАЙ.

да орналасқан. Ескеретін нәрсе, мәселенің бір ұшы тұрғындардың өзіне кеп тіреледі.

– Бос алаңға тұрмыстық қатты қалдық төгу тоқтамай тұр. Жеке меншіктегі жерді тазалауға мемлекет қаржысын жұмсау заңдылыққа сәйкес келмейді. Сондықтан кәсіпкерлерге өтініш айтуға мәжбүрміз, – деді Е.Берді-

баев «Қорқыт ата» шағын ауданындағы Жастар көшесінің тұрғындарымен кездесуде.

Қала тұрғыны Мұхит Әбдірхановтың айтуынша, көшедегі сасық көлшік ауру көзіне айналған. Аллергиясы бар адамдардың демалуы қиындаған. Тұрғындар жазда есік-терезені емін-еркін аша алмайды. Үлкендер ойын

басының соңында жүруге мәжбүр. Өйткені әлгі шұңқырға түсіп кете ме деп қорқалды. Қордаланған мәселе шешілсе, қорқыныш та сейілімек. Жергілікті билік тарапынан атқарылып жатқан жұмыс осыған бағытталған.

Қала әкімдігінің мәліметінше, биылғы – 12, биыл осы уақытқа дейін 18 көлшікке құм төгілген.

